

2025 жылғы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар

Жариялау күні: 27.03.2026

Келесі жариялау күні: 26.03.2027

- [1. Негізгі ойлар](#)
- [2. Динамика](#)
- [3. Әдістемелік түсініктемелер](#)
- [4. Глоссарий](#)
- [5. Қатысты басылымдарға сілтемелер](#)
- [6. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі ойлар

Электронды кестеде 2025 жыл үшін арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың көрсеткіштері көрсетілген.

2025 жылдың соңына Қазақстан Республикасында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі 355 ұйымдар есепке алынды, оның ішінде стационарлық үлгідегі ұйымдар – 193, жартылай стационарлық үлгідегі – 122, уақытша болу – 36, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетудің бірнеше шарттары бар – 4 ұйым бар.

2025 жылдың соңына осы ұйымдарда тұратындар саны 51349 адамды құрады, соның ішінде жасы бойынша зейнеткерлер – 20837 адам (40,6%), жалғыз басты туыссыздар – 5749 адам (11,2%), Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектер – 6 адамды (0,01%) құрады.

Электронды кестелер:


- [1. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың саны және құрылымы;](#)
- [2. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарында тұратындардың сипаттамасы;](#)
- [3. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарында тұратындардың саны;](#)
- [4. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарында тұратындардың мүгедектігі бойынша саны.](#)

2. Динамика

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың саны және құрылымы, бірлік

| | 2023 | 2024 | 2025 |
|-------------|------|------|------|
| Барлығы | 291 | 304 | 355 |
| Қалалық жер | 208 | 214 | 238 |
| Ауылдық жер | 83 | 90 | 117 |

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың жалпы саны, бірлік



Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарда тұратын негізгі контингент – мүгедектігі бар адамдар. Олардың саны 28120 адамды немесе 2025 жылдың соңында қызмет көрсетілгендердің жалпы санының 54,8%-ын құрады.

2025 жылдың соңында тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектердің саны 4845 адамды (17,2%) құрады, мінез-құлқындағы психикалық бұзылыстары бар - 21795 адам (77,5%).

3.Әдістемелік түсініктемелер

Стационарлық үлгідегі ұйымдар - стационар жағдайында қызмет алушылардың тәулік бойы тұрақты немесе уақытша (үш айға дейінгі мерзімге) тұруына арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар).

Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар - қызмет алушыларды ұйымда тәуліктің күндізгі уақытында ұзақ немесе уақытша (6 айға дейінгі мерзімге) болуына арналған күндіз болу бөлімшелері, аумақтық және оңалту орталықтары, өзге де ұйымдар.

Уақытша болу ұйымдары - тұрғылықты жері жоқ адамдардың тәулік бойы уақытша тұруына (бір жылға дейін) немесе уақытша болуына (тәуліктің түнгі уақытында) арналған ұйымдар.

4. Глоссарий

Жартылай стационарлық жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда ұзақ немесе уақытша (6 айға дейінгі мерзімге) күндіз болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған заңды тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі.

Стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда тәулік бойы тұрақты немесе уақытша (үш айға дейінгі мерзімге) тұруы жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерге көрсетуге арналған заңды тұлға.

Уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда тәулік бойы уақытша (бір жылдан көп емес) болуы жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған заңды тұлға.

5. Басылымдарға байланысты сілтемелер

[Тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алушылар саны;](#)

[Мүгедектік бойынша тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақына алушылар саны.](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[«Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар».](#)

[Ақпараттық-аналитикалық жүйе «Талдау».](#)

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басылымға жауапты: Халық статистикасы департаменті | Департамент директоры: Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061 | Орындаушы: Ж.Рахимова Тел.+77172749801 E-mail: zh.rakhimova@aspire.gov.kz | Мекен жайы: 010000, Астана қаласы. Мәңгілік ел даңғылы 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс |
|---|---|---|---|
